

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен өткізу пункттерін салу туралы келісім жасасу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 маусымдағы N 543 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.28. N 937 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен өткізу пункттерін салу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Бердібек Машбекұлы Сапарбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен өткізу пункттерін салу туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министр*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен өткізу пункттерін салу туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

екі мемлекет арасындағы достық байланыстарды негізге ала отырып, екі мемлекеттің ынтымақтастығын одан әрі дамыту мақсатында, техникалық әріптестік ынтымақтастығы жолымен қатынастарды тереңдетуге тілек білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

1. Тараптар қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында бірлескен өткізу пункттерін салу жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады. Бірлескен өткізу пункттері орналасатын жерлер жергілікті жер рельефінің физикалық-географиялық жағдайына, инфрақұрылым мен жол желілерінің дамуына қарай Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарының консультациялары жолымен айқындалады.

2. Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарының арасында техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың жалпы тәртібін айқындайды.

Техникалық ынтымақтастықтың жекелеген жобалары бойынша Тараптардың уәкілетті органдары қосымша келісімдер (бұдан әрі - жобалық келісімдер) жасасуы мүмкін. Жобалық келісімдерде, атап айтқанда жобаның мақсатын, қатысушылардың міндеттері мен ұйымдастырушылық мәртебесін, сондай-ақ жобаны орындау кестесін қамтитын жобаның бірлескен тұжырымдамасы жазылады.

3. Мыналар осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар болып табылады:

Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі,  
Ресей Тарабынан - Ресей Федерациясы Федералдық кеден қызметі.

## 2-бап

1. Жобалық келісімдер мынадай бағыттар бойынша Тараптардың қолдауын көздеуі мүмкін:

- консультациялық, ғылыми-зерттеу;
- жоспарларды, ізденістер мен сараптамаларды әзірлеу.

2. Техникалық ынтымақтастық:  
- лауазымды тұлғаларды, мамандарды және көмекші персоналды (бұдан әрі - "іссапарға жіберілген мамандар") іссапарға жіберу;  
- материалдар мен жабдықтарды жеткізу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Іссапарға жіберілген мамандар өз қызметін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және осы Келісімге сәйкес жүзеге асырады.

## 3-бап

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптар:  
- Тараптар мемлекеттерінің аумағында бірлескен өткізу пункттерін салуды

ж ү р г і з е т і н ;

- келісілген техникалық жобаларды қаржыландыратын болады.

#### **4-бап**

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар: іссапарға жіберілетін мамандарды жобаларды анықтау, жоспарлау және жүзеге асыру кезеңінде олардың қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

Тараптар мемлекеттерінің аумағында жобаларды жүзеге асыру кезеңінде іссапарға жіберілетін мамандардың жұмысы үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

#### **5-бап**

Осы Келісім сондай-ақ, Тараптар арасындағы осы Келісім күшіне енген күнінен бастап іске асыру сатысындағы техникалық ынтымақтастық жобаларына қатысты да қолданылады.

#### **6-бап**

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген жағдайда, Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

#### **7-бап**

1. Осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген бірлескен өткізу пункттерін салуды Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Тарабы жүзеге а с ы р а д ы .

2. Осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген бірлескен өткізу пункттерін салуды Ресей Федерациясының аумағында Ресей Тарабы жүзеге асырады.

3. Көрсетілген қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

#### **8-бап**

1. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер ж о л ы м е н ш е ш і л е д і .

2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің

ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Келісімнің 9-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енетін тиісті хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 9-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірінің басқа Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

200\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ каласында әрқайсысы қазақ, орыс тілдеріндегі екі түпнұсқалық данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін*

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Қазақстан-ресей  
мемлекеттік шекарасында бірлескен  
өткізу пункттерін салу туралы  
келісімнің жобасына

1-қосымша

## Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында құрылысын салуды қажет ететін өткізу пункттерінің ТІЗБЕСІ

р/с N	Өткізу пункті- нің атауы	Шекаралас өткізу пункті	Шека- ралас мем- лекет	Болжалды жобалық өткізу мүмкіндігі, авт./тәулік				Жабдық- тауды аяқтау- дың жоспар- ланған мерзімі
				Жалпы	Жүк	Жолау- шылар	Жеңіл	
2004-2006 жылдарға				арналған	кеден	қызметін	дамыту	
бағдарламасының шеңберінде								
1.	Шарбақты	Құлынды	Ресей	485	80	25	380	2004 ж.
2.	Ауыл	Веселоярск	Ресей	255	25	20	200	2004 ж.

3.	Қаракога	Есілкөл	Ресей	395	30	15	350	2004 ж.
4.	Обаған	Звериного-ловское	Ресей	395	80	15	300	2004 ж.
5.	Жайсаң	Сагарчин	Ресей	740	110	30	600	2005 ж.
6.	Өрлітөбе	Ольховка	Ресей	750	120	30	600	2005 ж.
7.	Үбе	Михайловка	Ресей	400	70	10	320	2005 ж.
8.	Қосақ	Новокарасук	Ресей	750	120	30	600	2006 ж.
9.	Котяевка	Қараөзек	Ресей	340	80	10	250	2006 ж.

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Қазақстан-ресей  
мемлекеттік шекарасында бірлескен  
өткізу пункттерін салу туралы  
келісімнің жобасына

2-қосымша

**Ресей-қазақстан мемлекеттік шекарасында құрылысын  
салуды қажет ететін өткізу пункттерінің  
ТІЗБЕСІ**

р/ с N	Өткізу пунктiнiң атауы	Шекаралас өткізу пунктi	Шекаралас мемлекет	Болжалды жобалық өткізу мүмкіндігі, авт./тәулік				А бат-танды-руды аяқтаудың жоспарланған мерзімі
				Жалпы	Жүк	Жо-лау-шы-лар	Жеңіл	
"2007-2010 жылдарға арналған Ресей Федерациясының Мемлекеттік шекарасы" Федералдық мақсатты бағдарламаның шеңберінде								
1.	Маштаково	Погодаево	Қазақстан	1000	150	30	820	2008 ж.
2.	Елек	Ақсай	Қазақстан	500	100	20	380	2007 ж.
3.	Орск	Әлімбет	Қазақстан	1000	150	50	800	2007 ж.
4.	Мариинский	Желқуар	Қазақстан	400	50	20	330	2007 ж.
5.	Павловка	Сұлу Ағаш	Қазақстан	500	100	20	380	2007 ж.
6.	Горняк	Жезкент	Қазақстан	1000	150	50	800	2008 ж.
7.	Озинки	Тасқала	Қазақстан					
8.	Одесское	Бидайық	Қазақстан					
9.	Казанское	Қызылжар	Қазақстан					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК